

Атырау қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының базалық мөлшерлемелерінің пайыздарын арттыру туралы

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2026 жылғы 19 тамыздағы № 231 шешімі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 582-бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Атырау қаласының Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Атырау қаласының жер салығының мөлшерлемелері арттырылсын.

3. Атырау қаласы мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 308 "Атырау қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының базалық мөлшерлемелерінің пайыздарын арттыру туралы" шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4310 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.


4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атырау қаласы Мәслихатының төрағасы

А. Құлбарахов

Атырау қаласы Мәслихатының
2026 жылғы 19 тамыздағы
№ 231 шешіміне 1 қосымша

Атырау қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Атырау қаласының жер салығының мөлшерлемелері